

Көші-қонының тиімді жағы.

1. Еңбек ресурсының басқа жаққа кетуі өз елінде жұмыссыздық мәселесінің азаюы.
2. Шетелдік жұмыс күшінің сұранысын қамту арқылы тауарлар мен қызметтердің дамуы және жаңа жұмыс орындарының қалыптасуы, инфрақұрылымдардың дамуы.
3. Сұранысқа аз түсетін жұмыстарды шетелдіктердің таңдауы барысында, қызмет көрсету, құрылыс және ауыл шаруашылығының деңгейінің жақсаруы, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын жақсартуы.
4. Сауаты аз, квалификациясы төмен жұмыскерлердің келуі, жергілікті халықтың зияткерлік еңбекпен айналысуға ынталандырады, жұмыс күшінің сапасын жақсартады, ұтқыр (мобильность) болуға шақырады.
5. Басқа мемлекеттерден жоғары дәрежеде білім алған азаматтар «таза пайда» әкеледі. Себебі оларды оқытып қажеті жоқ. Мысалы АҚШ-та шетелдіктердің 60 % -ы физика ғылымында автор болып саналса, 30 % жаратылыстану бағыты бойынша жаңалық ашқан.
6. Арзан жұмыс күші еңбек өнімділігі мен тиімділігін арттырады, бәсекеге қабілетті тауарларды жасау, шетел инвестициясын тарту, жаңа технологияларды енгізуге үлес қосады.
7. Демографиялық мәселелерді шешеді.
8. Қабылдаушы елдің экономикалық көрсеткіштері (жиынтық сұраныс ұлғайю; бюджеттің кіріс бөлігінің өсуі есебінен түсетін түсімдер, салықтар мен алымдар) жақсарады.
9. Сондықтан кейбір елдерде стратегиялық жоспар қабылдап, еңбек көші-қоны тиімді жағдайда қарастырылады, елдің экономикасы инновациялық бағытта дамиды. Мысалы: ЕО жоспарында 2050 ж дейін 40 млн мигрант қабылдау жоспарлаған, с.с АҚШ-100 млн.

Көші-қонының тиімсіз жағы.

1. Демографиялық жағдайы төмендейді, себебі еңбекке қабілетті адамдардың кетіп қалуы. Мысалы: Ресей 1 млн адамға дейін жоғалтады.
2. Сырттан келген мигранттар тұрғын үй қажеттілігіне байланысты жалдамалы үйлер көбейеді. Ол тұрғындарға біраз кіріс кіргізеді, бірақ ол сол елдегі тұрғын үйлердің сату бағасының жоғарлауына әкеледі. Жергілікті халыққа оны сатып алу қиындыққа соғады.
3. Халық арасындағы түсініспеушілік.
4. Қала ішінде анклав қалыптасады. Жаңа этникалық топтардың топтасуы. Негізгі тұрғындардың үрейін туғызады.
5. Жахандық көші қонда этникалық құрамның өзгеруі. Мысалы АҚШ-та әрбір 4 тұрғын Латынамерикалық. АҚШ тың 2000ж санағы бойынша халықтың 18%-ы үйінде ағылшынша сөйлеспеді, 4%-ы мүлдем тіл білмейді, 60% жағдаяттар испан тілінде жүреді, себебі халықтың иммиграциясы халық Латын Америкасынан келеді.

Сілтеме: <http://www.inter-offshore.net/article/trudovaja-migracija.htm>